

**«8D05401-Математика» білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Жумабекова Галия Еркиновнаның  
«Рұқсат етілген байытулардағы йонсондық қосарлар»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ІШКІР**

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс байытуда рұқсаттылығы бар йонсондық қосарларды зерттеуге арналған. Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты байытуда рұқсаттылығы бар берілген мұралы йонсондық теориялардың, қосарлардың және спектрлердің централды типтерінің синтаксистік және семантикалық қасиеттерін сипаттау болып табылады. Сонымен қатар, ескеретін жайт, жалпы түрде мұралы йонсондық теорияның сипаттамасын беру мәселесі әлі шешілмеген. Сондықтан бұл есептің өзектілігі әбден анық.

Кез келген теорияны қандайда бір байытылған сигнатурада жаңа теорияға айналдыруға болады, ал ол теория, әлдеқашан кемел теория болатынын ескеруіміз қажет. Мұндай байытуды қарастырылып отырған теорияның морлизациясы дейміз. Және де, оның экзистенциалды тұйық модельдер класы өзгермейді, яғни жаңа элементтер пайда болмайды. Осы фактының салдары кез келген сигнатурадағы қандайда бір аксиоматизацияланған модельдер класын зерттеуде өзекті мәселе болып табылады, мәнін ашып жазсақ, әрине, йонсондық спектр, ал байыту қасиеті осы спектрдің косемантикалық класына қатысты централды типтің синтаксистік қасиеттерімен сипатталады. Мұрагерлік ұғымы стабилділіктің моделді-теориялық сұрақтарымен байланысты өте іргелес бола келеді.

Сонымен, толық теориялардағы ұғымдар және оларға сәйкес нәтижелерді йонсондық теорияларға қатысты қайта анықтау толық теориялардағы моделді-теориялық атрибуттарды йонсондыққа көшіре салу емес, керісінше, жаңа пайда болған ұғымдар мен нәтижелерді ерекшелеп көрсету және ой жиегінен өткізу арқылы йонсондық теорияға да, толық теорияға да ортақ қасиеттерді табу, меніңше, бұл – басты жетістіктің бірі.

Диссертациялық жұмыс өз мақсатына, міндетіне сай қойылған бір-бірімен тығыз байланысты мәселелер зерттеліп, барлық нәтижелер толық дәлелденген. Осы уақытқа дейін ізденуші, атап айтсақ, докторантурада оқу барысында және диссертацияны жазуда зерттеу ғылыми жұмысын жеткілікті түрде игергенін көрсетті.

Г.Е. Жумабекованың диссертациялық жұмысында осындай байытуда рұқсаттылығы бар мұралы, йонсондық стабилді теориялар үшін бірқатар жұмыстары, нәтижелері жеткілікті деңгейде орындалғанын жарыққа шыққан мақалалары мен халықаралық деңгейдегі конференцияларда баяндалғанынан көруге болады.

Диссертация тақырыбы бойынша 11 жұмыс жарияланды. Оның ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасында индекстелетін жоғары рейтингті журналда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қастамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 7 жарияланым халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында, соның ішінде 2 жарияланым шетелдік халықаралық конференция материалдарында жарық көрді.

Қорыта отырып, Жумабекова Галия Еркиновнаның диссертациялық жұмысы 8D05401 – Математика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылған барлық талаптарды орындайды, ал ізденуші Г.Е.Жумабекова 8D05401 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші  
физика-математика ғылымдарының докторы,  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университетінің  
Профессор Т.Ғ. Мұстафин атындағы  
алгебра, математикалық логика және  
геометрия кафедрасының профессоры



Ешкеев А.Р.

